

Таңғы және кешкі зікірлер (кемінде жаттап алып, айтып жүру керек зікірлер)

أذكار الصباح والمساء

<Қазақ тілі – Kazakh –>



Islamic.kz сайтынан

من الموقعي islamic.kz



مراجعة: islamhouse.com

Таңғы және кешкі зікірлер

(кемінде жаттап алып, айтып журу керек зікірлер)

1. «Аллаһумма, Анта Роббү, лә иләჲа иллә Анта, халәктани, уа әнә 'абдукә, уа әнә 'алә 'аһдикә уа уа'дикә мастәта'tу. А'uzu бикә мин шәрри ма санә'tу, абу-у ләкә бини'матикә 'аләйя, уа абу-у бизәнби, фағfir ли, фа-иннаһу лә йағфируз-зунуба илля Анта»

اللَّهُمَّ أَنْتَ رَبِّي لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ، حَلَقْتَنِي وَأَنَا عَبْدُكَ، وَأَنَا عَلَى عَهْدِكَ وَوَعْدِكَ مَا اسْتَطَعْتَ، أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا صَنَعْتَ، أَبْوءُ لَكَ بِنِعْمَتِكَ عَلَيَّ وَأَبْوءُ بِذَنبِي فَاغْفِرْ لِي فَإِنَّهُ لَا يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ

«Иә Аллаh, Сен – Раббымсың, Сенен басқа құлышылыққа лайықты ешнәрсе жоқ; Сен мені жараттың, ал мен – Сенің құлышының, және мен Саған берген үәдеме шамам жеткенше бекем боламын. Өзім жасаған зұлымдықтан Өзіңе сыйынып пана сұраймын, Сенің маган сыйлаған нығметінді мойындаимын, сондай-ақ жасаған күнәләрімді мойындаимын, кешір мені, өйткені, расында, Сенен басқа ешкім күнәләрді кешірмейді!»

«Кімде-кім осы сөздерді күндіз, айтқандарына айқын сеніп айтса, және сол күннің кешіне дейін өлемтін болса, онда Жәннәт түргындарының қатарында болады, сондай-ақ бұл сөздерді түнде, айтқандарына айқын сеніп айтса, және сол түннің таңына дейін өлемтін болса, онда Жәннәт түргындарының қатарында болады». Қз. әл-Бухари (5947), ан-Насаи (5963)

2. «Радыйту би-Лләhi Роббан, уа би-ль-Исләми диинан уа би-Мухаммадин, набийан» (3 рет)

رَضِيَتُ بِاللَّهِ رَبِّيْاً وَبِالإِسْلَامِ دِيْنَاً وَبِمُحَمَّدٍ نَبِيْاً

«Раббы ретінде Аллаһтан, дін ретінде Исламнан, пайғамбар ретінде Мухаммадтан разымын!»

«Кімде-кім таңда: “Раббы ретінде Аллаһтан, дін ретінде Исламнан, пайғамбар ретінде Мухаммадтан разымын!” – деп айтса, соған мен, оны Жәннәтқа кіргізбейінше міндетті түрде қолынан ұстап тұрамын деп кепілдік беремін» (әл-Мунзири «ат-Тарғиб уат-Тарғиб» (1/309), әл-Хайсами «Мәжму’ әз-Зауайд» (10/119). Шейх әл-Әлбани хадисті сахих деп айтты. Қз. «Сильсилятуль-Ахадисис-Сахихаһ» (№2686)

3. «Субхана-Ллаhi уа би-хамди-hu 'адада хальқи-hu, уа ридо нафси-hu, уа зината 'арши-hu уа мидада кялимати-hu!» (3 рет)

سُبْحَانَ اللَّهِ وَبِحَمْدِهِ عَدَدَ حَلْقَهُ، وَرَضَا نَفْسِهِ، وَزَنَةَ عَرْشِهِ، وَمِدَادَ كَلِمَاتِهِ

«Аллаһтың жаратқандары қанша болса, Оған сонша пәктеу мен мақтау болсын, (сондай-ақ, пәктеу мен мақтау сөздерінің) қаншасына Ол Өзі риза болатын болса, сонша (Оған пәктеу мен мақтау) болсын, (сондай-ақ, сол пәктеу мен мақтаулардың салмағы) Оның Аршысының

(Тағының) салмағындаі болсын, және де Оның сөздерін жазуға қанша сия кететін болса, (ол пектеулер мен мақтауларды жазуға да сонша сия кетсін)!»

«Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, намаз оқып болған соң, ал мен өзімнің намаз орнында отырған уақыттымда менен шығып кетті де, таң атысымен қайта оралып маган: «Сен әлі сол орнында тапжылмай отырсың ба? », - деп сұрады. Мен: «Иә», - деп жауап бердім. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мен сенен шыққан соң үш рет төрт сөзді қайталадым, ал егер оларды салмағы жағынан сенің таң ертеңнен айтқан сөздеріңмен салыстыратын болсақ, менің сөздерім міндемті түрде ауыр болады!»

Мен: «Аллаһтың жаратқандары қанша болса, Оған сонша пектеу мен мақтау болсын, (сондай-ақ, пектеу мен мақтау сөздерінің) қаншасына Ол Өзі риза болатын болса, сонша (Оған пектеу мен мақтау) болсын, (сондай-ақ, сол пектеу мен мақтаулардың салмағы) Оның Аршысының (Тағының) салмағындаі болсын, және де Оның сөздерін жазуға қанша сия кететін болса, (ол пектеулер мен мақтауларды жазуға да сонша сия кетсін)!, - деп айттым», - деді.» Мұслим 2726.

4. «*Би-сми-Лләhi-лләзи лә یادурرۇ ما’ا-سми-ھي شئءٌ فی السّماءِ وَلَا فی الْأَرْضِ وَلَا فی السّمیعِ الْعَلیمِ*» (3 рет)

بِسْمِ اللَّهِ الَّذِي لَا يَصُرُّ مَعَ اسْمِهِ شَيْءٌ فِي السَّمَاءِ وَلَا فِي الْأَرْضِ وَلَا فِي السَّمِيعِ الْعَلِيمِ

«Оның Есімімен жерде және аспанда ешкім зиян келтіре алмайтын Аллаһтың Есімімен, және Ол – Естуші, Білуші!» (3 рет)

«**Таңда және кешке осы сөздерді үш рет айтқанға ешнәрсө зиян келтірмейді**» Әбу Дауд (5088, 5089), ат-Тирмизи (3388)

5. «*Хасбия-Ллаһу, ля иләһа иллә ھی, ‘اللَّهُ تَعَالَى تَوَكَّلْتُ وَهُوَ رَبُّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ*» (7 рет)

حَسِّبِيَ اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ عَلَيْهِ تَوَكَّلْتُ وَهُوَ رَبُّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ

«**Аллаһ маган жеткілікті, Одан басқа құлышылық етуге лайықты ешнәрсө жок, тек Аллаһқа ғана тәуекел етемін, Ол - ұлы арштың Раббы»** (7 рет)

“**(Осы сөздерді) таңда және кеште жеті рет айтқан адамды Аллаһ Тағала осы дүниенің және ақыреттің уайымынан құтқарады**” Әбу Дауд (5081), Ибн әс-Сунни «Амәлу әл-йаум үа әл-лейлә» (73). Хадистің сенімділігін ‘Абдуль-Қадир әл-Арнаут, Шу’айб әл-Арнаут, Салим әл-Хиляли және басқалар растиды. Қз. “Тахқиқ Задуль-ма’ад” 2/376, “Тахқиқ ‘Амәлул-йәуми үәл-лейлә” 1/122

6. «*Субхана-Ллахи үа би-хамдиھ*» (100 рет)

سُبْحَانَ اللَّهِ وَبِحَمْدِهِ

«Аллаһ пәк және Оған мақтay» (100 рет).

«Егер адам осы сөздерді таңда және кеште жүз рет қайталап айтса, Ақырет Күні бұдан абызалырақ нәрсені тек осыны тура сонша рет немесе одан көп рет қайталаған адам гана алып келе алады» Мұслим (2692)

7. «Лә иләһа иллә-Ллаһу уахдаһу лә шәрикә ләһу, ләһу-ль-мульку уа ләһу-ль-хамду, уа һуа ‘алә қулли шәй-ин қадир» (100 раз)

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешнәрсе жоқ, Ол жалғыз, Оның серігі жоқ, барлық нәрсе Оның іелігінде, Оған мақтау, Оның құдырыеті барлық нәрсеге толық жетеді» (100 раз)

«(осы сөздерді күніне жүз рет айтса,) ол он құлды азат еткендей болады. Және де оған жүз жақсы амалдың сауабы жазылады, және жасаған жаман амалдарының жүзі өшіріледі.

Бұл сөздер оған шайтаннын күні бойы кешке дейін қорған болады. Және ешкім бұдан жақсырақ амал жасай алмайды, тек қана одан көбірек айтқанды санамағанда» әл-Бухари, 11/168, 169; Мұслим, 2691; Тирмизи, 3463